

**А.Пушкин атындағы №20 мектеп-лицейі бойынша қамқоршылық
кеңесінің № 5 хаттамасы
Атырау қаласы 16.10.2021 жыл**

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі.
Мектеп басшысы : Кожухметова Г.У.
Тәрбие жөніндегі орынбасар : Джумагалиева О.А.
Әл.педагог: Нұрлықан А.

Күн тәртібі :

1. Жаңа оқу жылының ұйымдастырылуы
2. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы
3. Күзгі каникул кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша: мектеп басшысы Г.У. Кожухметова оқу жылының ұйымдастырылуы жөнінде таныстырып өтті. Оқушылардың сабаққа қатысымы, оқу үлгерімі жөнінде айтты. І тоқсан бойынша мұғалімдер мен оқушылардың онлайн байқауға қатысып жүлделі орындармен марапатталып жатырғанына тоқталды. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде айтып өтті. Үзіліс кезінде кабинеттер тазартылып, кварц қосылады. Мектепке келген бөгде адам болса да температурасы өлшеніп кіреді. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары О. Джумагалиева оқушылардың күзгі каникул кезінде бос уақыттарын ұйымдастыру бойынша айтып өтті. Жоспар негізінде бекітілген мұғалімдер уақытылы іс шараларды өткізіп ақпарат беріліп отырылады. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында өткізілген шаралар мектебіміздің әлеуметтік желісіне салынып отыр.

Сөйлеушілер: 1. Қамқоршылық кеңес мүшесі Г. Бисенова сөз алды. Біз үнемі мектеппен байланыс жасап отырамыз. Мектептегі өткізіліп жатқан шараларға оқушылар белсене ат салысады. Ата-аналармен түсінік жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілері үнемі байланыста. Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек. Мектепте оқып жатқан өзімінің балаларымды үнемі қадағалап отырамын

Шешім:

1. Мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қатаң қадағалансын.
2. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқушылар іс шараларға толық қатыстырылсын.

Төраға:
Хатшы :



Нуримов Ә.
Битегенова Ж.